Балалардың өмірі мен тәрбиесін ұйымдастыруды жоспарлау циклограммасы 35 апта

Білім беру ұйымы: «Дән» бөбекжайы МКҚК

Тобы: «Бөбек» әр түрлі жастағы тобы

Тәрбиешілер: Курманбаева А.Н.

Шулембаева Ж.С.

Балалардың жасы: 2, 3 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: 28.04.2025. жыл - 02.05.2025жыл.

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 28.04.2025 | Сейсенбі 29.04.2025 | Сәрсенбі 30.04.2025 | Бейсенбі 01.05.2025 | Жұма 02.05.2025. |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау. | Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу.<br>Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Ойын орталықтарындағы балалардың еркін ойындары, көктемгі ауа-райы, ойыншықтар, демалыс күндері, алдағы күндер туралы сөйлесеміз, балалардың тілектерін тыңдаймыз. (сөйлеу белсенділігін дамыту-сұрақтарға жауап беру, басқалардың сөйлеуін есту және тыңдау қабілеті, коммуникативті, ойын әрекеті арқылы)<br>Сөздік қоры: Сәлеметсіз бе, Сәлеметсіздер ме! | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райы, киінуі бойынша әңгімелесу. Баланың жағдайы, денсаулығы туралы, баланың үйдегі күн тәртібі туралы, тәрбиесі туралы жаңадан келген балалардың бейімделу кезеңі туралы сұрақтар бойынша ата-аналармен жеке әңгімелесу. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті ( аз қимылды, үстел үсті ойындары бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | **Шаттық шеңбер** (музыка тыңдау-шығармашылық әрекеті арқылы айтылу сипатына сәйкес музыкалық қозғалыста.<br>Ес көретін өз елі,<br>Ер мінезді, беделді:<br>Ел мен елді дос етер,<br>Елші болғым келеді...<br>**Әңгімелесу:** «Достық мерекесі» (танымдық, ойын әрекеті арқылы қоршаған ортамен танысу.)<br>Міндеттер: Қазақ халқының көптеген елдермен достық қарым-қатынаста екендігін біледі.<br>**Сөздік қоры:** достық.<br>Еңбек: табиғат бұрышында, ойын бұрышында, шығармашылық бұрышында.<br>Міндеттері: табиғат бұрышында қандай еңбек жасау керек екенін біледі. Балықтарды, гүлдерді күтуде тәрбиешіге жан- | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жақты көмек көрсете алады. Ойын бұрышында тәртіп сақтайды және ойыншықтар жинауға көмектеседі. | | | | |
| Ертеңгілік жаттығу | № 35 Таңғы жаттығу кешені – (физикалық белсенділігін дамыту)<br>«Көңілді жаттығу» | | | | |
| Таңғы ас | Гигиеналық шаралар ( қолды дұрыс жуу, сүлгінің орын білу, қолды дұрыс сүртіу және сүлгіні іліп қою,<br>Тақпақ. (қазақ тілі-коммуникативтік, ойын әрекеті)<br>Кел күлейік,<br>Кел балалар, күлейік.<br>Күлкіменен түлейік,<br>Күлкі көңіл ашады.<br>Күліп өмір сүрейік.<br>(көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару: тамақтану мәдинетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс , әдептілікке сақтау.<br>Балалардың ұқыпиылығын бағалау.<br>Сөздік қоры: Рақмет. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық | Дидактикалық ойын: «Бұл қай кезде болады?» (сөйлеуді дамыту-коммуникативтік, ойын әрекеті)<br>Міндеті: Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау пысықтау тиісті белгілерін атату, тілдерін жетілдіру, танымдылықтарын, ұстамдылықтарын дамыту. | Дидактикалық ойын: «Мынау не?» (математика негіздері- ойын, танымдық әрекет)<br>Міндеті: Балаларға үй жануарларды суреттерін көрсету, балалар ойыншықтардың атауларын үш тілде қайталау керек. | «Допты ұста» қимылдық ойын. (қоршаған ортамен танысу-әлеуметтік әрекеті)<br>Міндеті: Тәрбиеші үлкен допты алады да, балаларға лақтырады, бір бірден, бір сөзді айтып, ал қағып алған бала қарама қарсы сөзді айту керек. | | Дидактикалық ойын: «Жұбын тап» (сөйлеуді дамыту-коммуникативтік, ойын әрекеті)<br>Міндеті: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту. |
| Мектепке дейінгі | Сенсорика, | Сөйлеуді дамыту, | Дене тәрбиесі | | Музыка |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | математика негіздері<br>«Біреу-көп» ойыны.<br>(2 жас)<br>Міндеті: заттардың санын ажырату (біреу-көп).<br>Сөздік қоры: біреу-көп.<br>(3 жас)<br>«Дене мүшесі» ойыны.<br>Міндеті: өзінің дене мүшелерін бағдарлау.<br>Сөздік қоры: дене мүшелері.<br>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиеті.<br>«Құстар» ойыны.<br>(2 жас)<br>Міндеті: сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіруді жалғастыру.<br>Сөздік қоры: құстар.<br>«Құстарға көмек» ойыны.<br>(3 жас)<br>Міндеті: ересектердің сөзін | көркем әдебиеті.<br>(2 жас)<br>«Ертегілер әлемі» ойыны.<br>Міндеті: кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау.<br>Сөздік қоры: аю, қоян.<br>(3 жас)<br>«Бауырсақ» ойыны.<br>Міндеті: ересектермен бірге ертегілерді ойнау.<br>Сөздік қоры: аю, қоян, қасқыр, түлкі.<br>Дене тәрбиесі.<br>«Кім секіреді?» ойыны.<br>(2 жас)<br>Міндеті: қатар қойылған 2 арқаннан аттап секіруге үйрету.<br>Сөздік қоры: секіру.<br>(3 жас)<br>Дене тәрбиесі (дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)<br>Сенсорика, | (дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)<br>(3 жас)<br>«Тапсырманы орында» ойын.<br>(2 жас)<br>Міндеті: таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу.<br>Сөздік қоры: тартылу.<br>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет.<br>«Достық» ойыны.<br>(2 жас)<br>Міндеті: таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беруді жалғастыру.<br>Сөздік қоры: дос.<br>«Сәруар» ойыны.<br>(3 жас)<br>Міндеті: ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнау.<br>Сөздік қоры: ертегі. | | «Музыкалық аспаптар» ойыны.<br>(2 жас)<br>Міндеті: музыкаға деген қызығушылықты ояту.<br>Сөздік қоры: сыбызғы, қоңырау, сылдырмақ, барабан.<br>(3 жас)<br>«Музыкалық аспаптар» ойыны.<br>Міндеті: балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, қоңырау, сылдырмақ, барабанмен таныстыру.<br>Сөздік қоры: сыбызғы, қоңырау, сылдырмақ, барабан.<br>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет.<br>«Мына суретте не бейнеленген?» ойыны.<br>(2 жас)<br>Міндеті: жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, дұрыс қайталап айтуға үйрету.<br>Сөздік қоры: құс, күн.<br>(3 жас) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тыңдау және түсіну.<br>Сөздік қоры: құс.<br>Қоршаған әлеммен таныстыру.<br>«Көліктер» ойыны.<br>(2 жас)<br>Міндеті: көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>Сөздік қоры: көлік.<br>(3 жас)<br>«Ауа райы» ойыны.<br>Міндеті: ауа райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық).<br>Сөздік қоры: суық, жылы, ыстық. | математика негіздері<br>«Қай жерде орналасқан?» ойыны.<br>(3 жас)<br>Міндеті: кеңістікті бағдарлау.<br>Сөздік қоры: кеңістік.<br>«Салыстыр» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: әр түрлі көлемдегі заттарды атау.<br>Сөздік қоры: біреу, көп. | | | «Суретте не бейнеленген?» ойыны.<br>Міндеті: кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау.<br>Сөздік қоры: құс, күн.<br>Сенсорика, математика негіздері<br>(2 жас)<br>«Қапшықтың ішінде не бар?» ойыны.<br>Міндеті: берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдау.<br>Сөздік қоры: қатты, жұмсақ.<br>(3 жас)<br>«Күн мен түн» ойыны.<br>Міндеті: уақытты бағдарлау.<br>Сөздік қоры: күн, түн. |
| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттер арасында сергіту сәттерін өткізу. | | | | |
| № 1 серуенге дайындық | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық ойын жабдықтары мен спорттық жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу.<br>Балаларды реттілікпен киінуін ( ауа райына байланысты) бақылау (сөйлеу дамыту өзіне өзі қызмет көрсету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) | | | | |
| № 1 серуен | Бақылау: жаңбырды бақылау. | Бақылау: күннің көзін бақылау. | Бақылау: торғайды бақылау. | | Бақылау: құстарды бақылау. |

AnyScanner

| | |
|---|---|
| Түскі ас | Гигиеналық процедуралар ( қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу,қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз.( көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару : тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс, этикет ережелері.<br>Балалардың ұқыптылғын бағалау.<br>**Сөздік қоры:** Рақмет. |
| Күндізгі ұйқы | **Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.**<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды, өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Ұйқы кезінде бала басына көрпені жауып, мұрнын жастыққа көміп тастамауын, жастықта баланың денесі емес, тек басы жатуын қадағалау. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**<br>**Ертегі оқу. «Батыл қоян»**<br><br>**Мақсаты:** Балаларға шын көңілден шаттық көңіл күй сыйлау.Балаларды ертегінің мазмұнын дұрыс түсініп, сұраққа жауап беруге үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің іс — әрекетін сезіну және одан әсер алу, қызығушылық әрекетін қабілеттерін ояту.Ертегілер арқылы балаларды адамгершілікке,мейірімділікке және адалдыққа тәрбиелеу.<br>**(көркем әрекет-коммуникативті қызмет)**<br>**Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңда** |
| Біртіндеп ояну, сауықтыру шаралары | **№ 1 кешен:** Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету<br>Шомылған баланы,<br>Аймалап алады.<br>Сүртеді қолыңды,<br>Сүртеді жоныңды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).** |
| Бесін ас | Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) |

AnyScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Міндеті: жаңбырды, ауа райының өзгеруін, табиғат құбылыстарын бақылау.<br>Сөздік қоры: жаңбыр. Қимылды ойындар: «Жаңбыр мен күн» «Қолшатыр»<br>Жеке жұмыс. 4-5 баланы көздеп түсіруге жаттықтыру.<br>Еңбек.Алаңды жинастыру.<br>Жұмбақ жасыру.<br>Аспаннан домалап,<br>Көп моншақ төгілді.<br>Бусанып жон-алап,<br>Терледі, керілді.<br>(Жаңбыр ) | Міндеті: балаларға күннің сәулесінің пайдасын түсіндіру , өсімдіктер мен жәндіктер, барлық тірі табиғат үшін маңыздылығын білгізу.<br>Қимылды ойындар: «Қояндар мен қасқыр», «Мысық пен тышқан», «Күн мен түн»<br>Жеке жұмыс. 2-3 балаға жыл мезгілдерінің аттарын айтқызып үйрету.<br>Еңбек. Телімдегі ағаш қалдықтарын жинау.<br>Көркем сөз: Ақ сандығым ашылды,<br>Ішінен жібек шашылды.<br>(күннің көзі) | Міндеті: дала құсы - торғай туралы біледі.<br>Сөздік қоры: торғай.<br>Қимылды ойындар: «Арқан тартыс»<br>Міндеті:әртүрлі қимылдар жасау арқылы денелерін ширатып, көңілдерін көтереді.<br>Жеке жұмыс. Үш-төрт балаға «Аталған құсты көрсет»<br>Еңбек. Құстарға жем шашу.<br>Көркем сөз. Жұмбақ.<br>Балалармен достасып,<br>Жазда бақты қорғайды.<br>Күзде кетер қоштасып,<br>Кім біледі...<br>(торғайды). | | Міндеті: құстардың аттарын атап үйрету. Торғай мен сауысқанның айырмашылығын табуға және олар туралы айта білуге жаттықтыру.<br>Қимылды ойындар: «Қуыспақ», «Мысық пен құстар».<br>Жеке жұмыс. Үш-төрт балаға тақпақ жаттату.<br>Торғай ағаш қорғайды.<br>Шыр-шыр еткен торғайды,<br>Таспен атып торғайды,<br>Қорғамасаң болмайды.<br>Ұя бұзған оңбайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар,<br>Құс өкпелеп кетеді,<br>Ағаштарды қорғайды.<br>Бақшамызға қонбайды.<br>Еңбек.Құстарға жем беру.<br>Көркем сөз. Торғай, торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ап.<br>Бөтегесі томпайып,<br>Шиық-шиық десіп отырады. |
| Серуеннен оралу | Жүйелі түрде шешіну, киімді шкафқа салу, қолды жуу. | | | | |

AnyScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою)<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау.<br>**Сөздік қоры:** қолды жуу, сүлгі, ас болсын! | | | | |
| Балалардың дербес іс- әрекеттер | Дид.ойын: «Үлкен және кішкентай жапырақ» ( 2 жас) (сурет салу, жапсыру, құрастыру, мүсіндеу-ойын, шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті)<br>Міндеті: қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру.<br>Сөздік қоры: жапырақ. | Дид.ойын: «Ағаштағы жапырақтар» (3жас) (сурет салу, жапсыру, құрастыру, мүсіндеу-ойын шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті)<br>Міндеті: балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы баулу.<br>Сөздік қоры: ағаш. | «1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні» ертеңгілік.<br>Дид.ойын: «Бұл не?» (2 жас) (сурет салу, жапсыру, құрастыру, мүсіндеу-ойын, шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті)<br>Міндеті: тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау.<br>Сөздік қоры: көп қабатты үй. | | Дид.ойын: «Көгершін» (2 жас) (сурет салу, жапсыру, құрастыру, мүсіндеу-ойын, шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті)<br>Міндеті: қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстауға үйрету.<br>Сөздік қоры: құс. |
| Балалармен жеке жұмыс | Балалармен жеке жұмыс жеке карталарға сәйкес жүргізіледі: әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т.б.( сөйлеуді дамыту, математика негіздері) | | | | |
| | Ойын: «Шамдар» (қоршаған ортамен | Ойын: «Қолымда не бар?» (сенсорика, | Ойын: «Қай қолымда көп» (сөйлеуді | | Ойын «Тапсырманы орында» (математика |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | танысу-зерттеу, еңбек әрекеттері)<br>Міндеті: қасиеттері бойынша заттарды топтастыруға, түстерді, өлшемдерді ажыратуға жаттықтыру; зейіндерін дамыту.<br>2 жас<br>Ержан Батыр<br>Закревская Лиана<br>Тасболат Ұлан<br>Кабиева Амина | математика негіздері-танымдық, ойын әрекеті)<br>Міндеті: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке , үлкен-кіші, оң-сол жайлы білімдерін бекіту.<br>Түйсіну сезімдерін дамыту.<br>3 жас<br>Айдарбек Болатхан<br>Гуменяк Милана<br>Жұматай Шах-Керім<br>Тағар Темірлан | дамыту-коммуникативтік, ойын әрекеті)<br>Міндеті: аз және көп заттарды ажиратуға, салыстыруға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>2 жас<br>Слипченко Макар<br>Курманбаев Нияр<br>Есен Бекзат<br>Амангелді Алуа | | негіздері- ойын, коммуникативтік әрекет)<br>Міндеті: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру.<br>2 жас<br>Пинчук Ростислав<br>Жакупбекова Айша<br>Қанат Дарын<br>Тасболат Ұлан |
| Кешкі ас | Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою, Үлкендердің – көмекшінің, мұғалім мен аспаздың еңбегін құрметтеп, бағалауды үйренеді.<br>**Сөздік қоры:** Рахмет.<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау. | | | | |
| № 2 серуенге дайындық | Серуенге қызығушылықты арттыру.<br>Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау<br>«Киімді қалай киюге болады?» әңгіме<br>Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынғанын қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті қызмет) | | | | |

AnyScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| № 2 серуен | Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған ортамен танысу, танымдық және зерттеу әрекеті), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қимылды және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек әрекеті. | | | | |
| | Қимылды ойын:<br>«Қояндар мен қасқыр»<br>Міндеті:шапшаң, жылдам болуға дағдыланады.<br>(дене қозғалысы) | Қимылды ойын:<br>«Қуыспақ»<br>Міндеті:шапшаң, жылдам болуға дағдыланады.<br>(дене қозғалысы) | Қимылды ойын:<br>«Мысық пен құстар»<br>Міндеті:шапшаң, жылдам болуға дағдыланады.<br>(дене қозғалысы) | | Қимылды ойын:<br>«Күн мен түн»<br>Міндеті:шапшаң, жылдам болуға дағдыланады.<br>(дене қозғалысы) |
| Балалардың үйлеріне қайтуы | Ата-аналармен жұмыс: балалармен жасаған жұмыстар туралы әңгімелесу.<br>«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы («Қамқор» жұмыс жобасы бойынша).<br>**Сөздік қоры:** Сау болыңыз! | | | | |

28.04.2025ж
Тексерілді: [signature]
Сабенова У.